

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық
педагогикалық университеті*

*Филология және көптілді
білім беру институты*



**Балалар әдебиетінің
алтын қоры- Халық
ауыз әдебиеті**

Қарастыратын мәселелер:

Балаларға арналған фольклор түрлерінің идеялық-эстетикалық табиғаты, атқаратын қызметі, тәрбиелік мәні. (Ертегі, мақал-мәтел, жаңылтпаш, аңыз әңгіме, тұрмыс-салт жырлары)

Қай ұлтта болмасын халық ауыз әдебиетінде ең алғаш пайда болған, ең тұңғыш айтылған **өлең, жыр, әңгімелер** балаларға арналған.

Ерте кезде қазақ халқында бала тәрбиелеуге арналған қоғамдық орын: ясли, балалар бақшасы, мектеп болмаса да, тәрбиені балаларына бесікте жатқан кезінен бастап-ақ халықтық жырлар мен әңгіме, ертегілер арқылы бере бастаған.



- Тұрмыс-салт жырлары

- Мақал-мәтелдер

- Аңыз әңгімелер

- Жұмбақтар

- Ертегілер

- Жаңылтпаштар

- Өтірік өлеңдер



Тұрмыс-салт жырлары - қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-жораларына байланысты туындаған өлең-жырлар.

Тақырыбы жағынан, қандай мақсатта қолданылуына орай бірнеше топқа жіктеледі:

Тұрмыс-салт өлеңдері (төрт түлік туралы өлеңдер)

Дінге байланысты салт өлеңдері (жарапазан, арбау, бәдік),

Үйлену салт өлеңдері (тойбастар, сыңсу, беташар)

Мұң-шер өлеңдері (естірту, көңіл айту, жоқтау)

Өтірік өлеңдер.

Ертегі-фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанры- халық прозасының дамыған, көркемделген түрі яғни фольклорлық көркем проза.

Оның мақсаты – тыңдаушыға ғибрат ұсынуден бірге эстетикалық ләззат беру. Ертегінің атқаратын қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетик, әдеби қазына. Ертегінің бүкіл жанрлық ерекшелігі осы екі сипатынан көрінеді.

- Ертегілер
 - Жануарлар туралы ертегілер
 - Қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер
 - Хикаялық ертегілер, сатиралық ертегілер

Аңыз әңгімелер — Халық ауыз әдебиетінің жанры. Оқиғасы шындық өмірден алынғанымен, ауызша айтылып таралғандықтан, фольклорлық сапалармен толыққан көркем шығарма. Аңыз әңгімелер тарихта болған белгілі бір адамдардың атына, іс-әрекетіне байланысты туады. Мұндай адамдардың ел үшін еткен еңбегі, қамқорлығы, халық намысын қорғауы, сол жолда жасаған игілікті іс-әрекеттері ел аузында аңыз әңгімеге айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен.

Мақалдар мен мәтелдер- халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тауып шешетін асыл мұра.


Мақалдар мен мәтелдердің мағынасы терең, сөзі ықшам да көркем, есте сақталуға икемді де жеңіл болатындықтан балалар әдебиетінен үлкен орын алады.



Халықтың шығармалары ішінде балалар әдебиетінен үлкен орын алатын **жұмбақтар**.

Жұмбақ– адамның ой-өрісін, алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір зат немесе құбылыс тұспалдап сипатталатын шағын әдеби жанр.

Жұмбақ жанры дүние жүзі халықтары әдебиетінің көпшілігінде бар. Бұл жанрға Аристотель “Жұмбақ – жақсы жымдасқан метафора” деп анықтама берген.



Жаңылтпаш — қазақ ауыз әдебиетінің шағын жанры. Жаңылтпаш ойын-сауыққа жиналған жұртты күлдіру, әр түрлі сөзді шапшаң айтуға үйрету мақсатымен пайда болған. Жаңылтпаштың сөздері адамды жаңылдыратындай қиын, көбінесе, ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстардан құралады, қара сөз немесе өлең түрінде болады.

